

Еңлік Ермакбаева^{1*}, Қарғаш Жанпейісова², Дәурен Примбетов³

^{1*} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

e-mail: Enkosh_86_86@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-6290-4000>

² Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті

e-mail: zhanpeissova_kd@enu.kz

<https://orcid.org/0009-0009-6957-1040>

³ Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

саясаттану кафедрасының меңгерушісі

e-mail: primbetov_ds@enu.kz

<https://orcid.org/0009-0007-1434-2529>

(Астана, Қазақстан)

МЕМЛЕКЕТТІК ОТБАСЫ САЯСАТЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада отбасы саясатының теориялық негіздері талданып, шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық көзқарастары салыстырмалы түрде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері «отбасы саясаты» ұғымының ғылыми ортада бірыңғай анықтамасы қалыптаспағанын көрсетті. Еуропа елдерінің тәжірибесін талдау еңбек пен жеке өмірдің тепе-теңдігін сақтау, гендерлік теңдікті ілгерілету және ата-аналарды әлеуметтік қолдау тетіктерінің отбасылық саясаттың тиімділігін арттыратынын айқындады. Ресейлік ғылыми зерттеулерді жүйелеу отбасы саясатының әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатынын көрсетті. Отандық еңбектерді талдау Қазақстанда отбасы саясатының әлеуметтік-демографиялық аспектілермен тікелей байланысты екені анықталып, бұл мәселелердің жеткілікті деңгейде зерттелмегенін айқындалды. Осыған байланысты әлеуметтік-мәдени бейімделу, жастар құндылықтары, гендерлік саясаттың әсері және отбасы инфрақұрылымының тиімділігі болашақ зерттеулердің маңызды бағыттары ретінде белгіленді. Мақалада отбасы саясатын жетілдіруге қатысты негізгі ұсыныстар жасалынып, оның демографиялық стратегиямен үйлесімділігі, экономикалық ынталандыру тетіктерімен байланысы, цифрлық қызметтердің кеңеюі және дәлелге негізделген мемлекеттік саясаттың маңыздылығы айқындалады. Зерттеу нәтижелері отбасы саясатының әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі стратегиялық рөлін көрсетеді.

Түйін сөздер: отбасы, отбасы саясаты, әлеуметтік саясат, демография, әлеуметтік даму, демографиялық саясат.

Енлик Ермекбаева, Каргаш Жанпейсова, Даурен Примбетов АНАЛИЗ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЕМЕЙНОЙ ПОЛИТИКИ

Аннотация. В статье проведён анализ теоретических основ семейной политики и выполнено сопоставление концептуальных подходов зарубежных, российских и казахстанских исследователей. Результаты исследования показывают отсутствие единого, научно признанного определения понятия «семейная политика». Анализ европейского опыта демонстрирует, что обеспечение баланса между трудовой занятостью и личной жизнью, продвижение гендерного равенства и меры социальной поддержки родителей существенно повышают эффективность семейной политики. Систематизация российских научных работ указывает на рассмотрение семейной политики как составной части социальной политики. Анализ отечественных исследований выявил недостаточную изученность социально-демографических аспектов семейной политики в Казахстане. В связи с этим социально-культурная адаптация, семейные ценности молодежи, влияние гендерной политики и эффективность инфраструктуры поддержки определены как приоритетные направления дальнейших исследований. В статье предложены ключевые меры по совершенствованию семейной политики, обоснована необходимость её согласования с демографической стратегией, интеграции экономических стимулов, расширения цифровых услуг и развития доказательной государственной политики. Полученные результаты подтверждают стратегическую роль семейной политики в обеспечении социальной стабильности.

Ключевые слова: семья, семейная политика, социальная политика, демография, социальное развитие, демографическая политика.

Yenlik Yermekbayeva, Kargash Zhanpeiisova, Dauren Primbetov ANALYSIS OF THE THEORETICAL ASPECTS OF STATE FAMILY POLICY

Abstract. This article analyzes the theoretical foundations of family policy and compares the conceptual approaches of international, Russian, and Kazakhstani scholars. The findings indicate that there is no unified, academically recognized definition of the term “family policy.” The assessment of European experience demonstrates that promoting work–life balance, advancing gender equality, and enhancing parental support mechanisms significantly contribute to the effectiveness of family policy. The systematization of Russian studies shows that family policy is considered an integral component of social policy. The review of domestic research reveals that the socio-demographic dimensions of family policy in Kazakhstan remain insufficiently explored. Accordingly, socio-cultural adaptation, youth family values, the impact of gender policy, and the

effectiveness of support infrastructure are identified as key directions for future research. The article outlines major recommendations for improving family policy and substantiates the need for its alignment with demographic strategy, integration of economic incentive mechanisms, expansion of digital services, and development of evidence-based state policy. The results underscore the strategic importance of family policy in ensuring social stability.

Keywords: *family, family policy, social policy, demography, social development, demographic policy.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет деп танылғандықтан, оның негізгі басымдықтарының бірі – мемлекеттің отбасы саласындағы саясат. Отбасы саясаты отбасының өмір сүру жағдайы мен сапасын жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету қағидаттары, бағалаулары және шаралары жүйесін білдіреді. Отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау, отбасылар мен олардың мүшелерінің физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік дамуына ықпал ететін қажетті жағдайлар жасау, ананы, әкені және баланы қорғау мемлекеттік отбасылық саясаттың мақсаттары болып табылады [1].

Әлемнің көптеген елдерінде бұл мәселені зерттеуге қызығушылықтың артуына қарамастан, Қазақстанда отбасы саясаты мәселелері бойынша зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады. Мысалы, Nauka.kz Ұлттық ғылыми порталында соңғы онжылдықта Қазақстанда бар болғаны 7 докторлық диссертациялар қорғалған [2]. Оның ішінде тек бір ғана жұмыс отбасы саясатын саясаттану ғылымы тұрғысынан зерттеуге арналса, қалғандары әртүрлі ғылым саласы бойынша жарияланған. Бұл мәліметтер отандық зерттеушілер тарапынан отбасы саясаты тақырыбына қызығушылықтың аздығын растайды.

Жалпы отбасы саясаты жанжақты зерттелгенімен, оны демографиялық аспектіде қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз. Ал бүгінгі таңда, демографиялық аспектілер яғни, туу, өлу, ажырасу т.б. көрсеткіштер отбасы саясатына тікелей әсер етуші факторлар болғандықтан, осы отбасы саясаты тақырыбын демографиялық тұрғысынан қарау мақаланың өзектілігін ашады.

Бүгінгі таңда отбасылық қатынастар әлемдік жаһанданумен байланысты жаңа сын қатерлерге ұшырауда. Қазіргі таңда отбасылық және демографиялық мәселелер әлеуметтік, мемлекеттік саясаттың, қоғамның және жалпы ғылымның назарында болуы маңызды. Заманауи отбасының тұрақтылығы мәселелері де назардан тыс қалмауы керек. Бұл мәселе отбасылық ажырасудың жай-күйі мен динамикасынан, олардың әлеуметтік-типологиялық және аймақтық аспектілерінен, ажырасу себептерінен, неке құндылықтарынан тұрады. Осы тұрғыдан, қазіргі кезеңде әлемнің көптеген елдері мемлекеттің отбасы саясатын жүзеге асырудың тиімді жолдарын

ізвестіруде. Бұл саладағы мемлекеттік саясаттың шараларын жетілдіру теориялық концепциялар мен тәсілдемелерді жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Мақалада мақсаты – Мемлекеттік отбасы саясатының мәнін, ғылыми-теориялық негіздерін, оның құрылымдық жүйелері мен қағидаттарын талдау арқылы қазіргі отбасы институтын қолдаудағы мемлекеттік реттеудің маңызын айқындау. Отбасы саясатының модельдері мен оларды іске асыру механизмдерінің тиімділігін бағалау, осы саладағы ғылыми тұжырымдамаларды жүйелеу.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі ғылыми міндеттерді іске асыру көзделеді: отбасы саясатына қатысты ұғымдық аппаратты нақтылап, осы салада қолданылатын ғылыми әдістемелік тәсілдерді жүйелі түрде талдау; отбасы саясатын түрлі ғылыми бағыттардың (социология, демография, құқық, саясаттану және т.б.) аясында кешенді қарастырып, оның мазмұндық құрылымын жіктеу.

Зерттеу гипотезасы – егер мемлекеттік отбасы саясаты ғылыми негізделген теориялық тұжырымдар мен жүйелі заманауи әлеуметтік-экономикалық талаптарға сай құрылса, онда отбасы институтының тұрақтылығы нығайып, демографиялық жағдайдың жақсаруы және қоғамдағы әлеуметтік теңгерімнің сақталуы айтарлықтай орын алады.

Мемлекеттік отбасы саясатының тиімділігі оның теориялық негіздерінің жүйеленуіне, ұғымдық аппаратының нақтылығына және әлеуметтік, демографиялық, құқықтық аспектілердің кешенді талдануына тәуелді деп тұжырымдауға болады. Яғни, отбасы саясатының әртүрлі ғылыми бағыттар шеңберінде зерттелуі оның теориялық және практикалық деңгейде үйлесімділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік саясатты дәлелді түрде жүргізуге мүмкіндік береді деп болжанады. Бұл гипотеза отбасылық саясат саласындағы теориялық негіздер мен практикалық шешімдердің дұрыс үйлесуі демографиялық өзгерістерге тікелей әсер етеді, бұл мәселені зерттеудегі кешенді тәсілдің маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақсатына жету үшін зерттеудің жалпы ғылыми әдістері қолданылды: талдау, синтездеу, тарихи әдіс, контент-талдау, салыстырмалы әдістер.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Отбасылық саясатты дамытудың ғылыми негіздері 60-80 жылдары А.И.Бестужев-Лада, В.А.Васильева, А.Г. Л.Е.Дарский, А.Я.Кваша, И.С.Кон, М.С.Мацковский, Н.М.Римашевская, В.А.Сысенко, Б.Ц.Урланис, А.Г.Харчев, Б.С.Хорев, Н.Г.Юркевич, З.А.Янкова және т.б ғалымдардың зерттеулерінде қалыптасқан.

Бүгінде мемлекеттің отбасы саясатына қатысты мәселелерді зерттеу көптеген ғылыми жұмыстардың пәні ретінде қарастырылуда. Посткеңестік кезеңде әлеуметтік және отбасы саясатына байланысты елеулі зерттеулер А.Кошанов, У.Баймуратов, М.Мельдаханова, С.Гайсина, В.Татибеков,

В.Елизаров, И.Пивоварова және тағы басқалары сияқты авторлармен қалыптастырылады.

Отбасы саясатын жеке сала ретінде қарастырып, оның теориялық түсінігін қалыптастыру қажеттігі швед саясаткері, әлеуметтанушы Альва Мюрдальдың 1939 жылы Швециядағы отбасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бағдарламаны жасау еңбектерінде көрініс табады [3]. Кейінірек «Отбасы саясаты» категориясын ғылыми тұрғыдан ашу 1950 жылдардың соңында жазылған Jennifer Triplett еңбектерде көрінеді және 60-ы жылдардың соңынан бастап, отбасы саясаты батыс елдердің академиялық және саяси дискурсынан жеке зерттеу аймағы ретінде таныла бастады [4].

XX ғасырдың 80-90 жылдарындағы мемлекеттік отбасылық саясаттың заңнамалық базасының идеологиясын дамыту мәселелері Г.И.Климантованың (1997 ж.) кандидаттық диссертациясында талданған.

Мақалада мемлекеттік отбасы саясаты теориялық тұрғыда зерттеліп, ғылыми тұжырымдар қарастырылады. Сондай-ақ, отбасы саясатына қатысты анықтамалар, ғылыми тәсілдемелер қарастырылып, отбасы саясатын әртүрлі ғылым салалары тұрғысынан кешенді зерттеу арқылы шетелдік, Ресей және отандық зерттеушілердің еңбектерін талдау бойынша классификацияланады.

Жалпы, отбасы саясатының негізгі мақсаты белгілі бір мемлекет жүргізетін әлеуметтік саясат моделіне тікелей байланысты. Батыс әдебиетінде Геста Эспинг-Андерсен әлеуметтік саясаттың 3 режимін бөліп көрсеткен: либералды, социал-демократиялық және консервативті [5]:

1. Әлеуметтік отбасылық саясаттың либералды моделі – бұл отбасылық және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың бір түрі. Либералды модель көбінесе жеке бастың жауапкершілігін, нарықтық механизмдер мен жеке адамдардың еркіндігін баса көрсетеді. Отбасы өмірдің барлық аспектілерінде дербес жауапкершілікке ие. Мемлекет отбасылардың ішкі мәселелеріне араласпайды, бұл, өз кезегінде, отбасы мүшелерінің өз қажеттіліктерін қамтамасыз етуін ынталандырады.

2. Бұл идеологияға қарама-қарсы социал-демократиялық отбасылық саясаттың моделіне сәйкес мемлекет отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсетудің негізгі көзі болып табылады. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі кең және біркелкі, бұл отбасының барлық мүшелерінің тең мүмкіндіктерге ие болуына ықпал етеді. Әлеуметтік саясат отбасылардың барлық мүшелерінің құқығын қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ, социал-демократиялық модельдің ерекшелігі гендерлік теңдік тек қоғамдық салада ғана емес, әйелдердің жоғары білім алуға және ақылы жұмысқа қол жеткізуіне ғана емес, сонымен қатар жеке салада, атап айтқанда, ата-ана болуында - отбасын қолдау шаралары құрылатын жарияланған мақсат болып табылады.

3. Консервативті модель – мұнда әлеуметтік қамсыздандыру жүйелері көбінесе еңбек нарығы мен кәсіподақтар арқылы ұйымдастырылады. Мемлекет әлеуметтік қорғауды жұмысшылар мен олардың отбасыларына,

көбінесе табыстың деңгейіне қарай бөледі. Бұл жүйеде әлеуметтік қамсыздандыру көбінесе кәсіпорындар мен жұмысшылардың өзара келісімі негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бұл режимде отбасы мен әлеуметтік құрылымдардың дәстүрлі рөлі үлкен маңызға ие.

Осылайша, Геста Эспинг-Андерсеннің теориялары отбасы саясатына қатысты бірнеше маңызды аспектілерді ұсынады. Сол себептен, оның әл-ауқат режимдерінің типологиясы әртүрлі елдерде отбасы саясатының қалай құрылатынын, отбасы мүшелеріне қандай қолдау көрсетілетінін және мемлекет пен нарықтың қандай деңгейде араласатынын түсінуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, өткен ғасырдың соңында итальяндық философ және әлеуметтанушы Пьерпаоло Донати ұсынған реляциялық социология шеңберінде отбасылық саясаттың мақсаты, отбасына оның өз мүмкіндіктерін барынша арттырып, өз функцияларын орындай алатын жағдайлармен қамтамасыз ету, атап айтқанда тұлғаның толыққанды қалыптасуына қажетті негіз жасау болып табылады. П.Донати дағдарыс деп бағалаған Еуропадағы отбасы саясатының қазіргі жағдайының басты себебін отбасының мәні мен міндеттерін нақты түсінбеу деп атайды. Зерттеуші аталған үш үлгіні отбасылық саясат тұрғысынан талдай отырып, бұл модельдер шеңберінде толыққанды отбасылық саясаттың жүзеге асуы мүмкін еместігі жөнінде тұжырым жасайды. Осыған байланысты ол өзінің авторлық реляциялық моделін ұсынады. Бұл модель аясында отбасылық саясаттың негізгі принципі ретінде субсидиарлық қағидасы қарастырылады. Сондай-ақ, аталған модель әлеуметтік өмірдің тек құрылымдар мен жеке тұлғалар арасындағы өзара байланыстардан құралатынын көрсетеді. Бұл модельде қоғам мен отбасы арасындағы қарым-қатынастардың қалай дамитыны және осы қарым-қатынастардың адам өмірінде қандай маңызға ие екендігі талданады [6].

Осылайша, Геста Эспинг-Андерсеннің теориялары мен Пьерпаоло Донатидің реляциялық социология моделі отбасы саясатына қатысты әртүрлі, бірақ өзара байланысқан көзқарастарды ұсынады. Екеуінің де теориялары отбасы мен қоғам арасындағы өзара әрекеттесуді және отбасының әлеуметтік саяси контекстіндегі рөлін түсінуге көмектеседі, бірақ олардың басты назар аударған аспектілері мен зерттеу тәсілдері әртүрлі. Бірі мемлекет пен отбасы арасындағы құрылымдық рөлдерді, екіншісі отбасы ішіндегі қарым-қатынастар мен әлеуметтік теңдікті зерттей отырып, екеуі де отбасы саясатының көпқырлы құрылымын толықтырады.

Ресейлік әлеуметтанушы әрі отбасы саясаты саласындағы зерттеуші И.И. Осипова шетелдік тәжірибелерді саралай отырып, дамыған елдердегі отбасына қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі тәсілдемелерін сипаттайтын бірнеше көзқарастарды бөліп көрсетеді:

- Отбасын қолдауға негізделген көзқарас – бұл бағыт отбасындағы бала туу деңгейін ынталандыру мен аналардың ана болу және кәсіби қызметті қатар алып жүруіне жағдай жасауға бағытталады (Франция тәжірибесі);
- Дәстүршіл көзқарас – отбасы институтын дәстүрлі үлгіде сақтау

мақсатын көздейді. Мұнда мемлекет тарапынан отбасына шектеулі деңгейде қолдау көрсетіледі, ал негізгі жүктеме отбасының өзіне, сондай-ақ қоғамдық, діни және қайырымдылық ұйымдарға жүктеледі. Бұл модель көбіне әйелдердің еңбек нарығына қатысуын шектеуге және оларды бала тәрбиесімен айналысуға ынталандыруға бейімделген (Германия);

– Прозгалитарлық (теңдікке негізделген) көзқарас – гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағдарланған. Мемлекеттік саясат азаматтардың ата-ана ретіндегі және жұмысшы ретіндегі рөлдерін үйлестіруге, сондай-ақ отбасының құрылымы мен өмір сүру формасын еркін таңдауға жағдай жасауға бағытталған (Швеция, Дания);

– Мемлекеттің отбасы ісіне араласпауын көздейтін көзқарас – бұл ұстаным бойынша мемлекет отбасылық қатынастарға тікелей араласпайды, себебі отбасы өз қажеттіліктерін сыртқы қолдаусыз өз бетінше қамтамасыз ете алады деп есептеледі. Бұл модельде отбасы саясаты ішкі әлеуметтік-мәдени контекстімен айқындалады (АҚШ, Ұлыбритания) [7].

Бұл көзқарастар отбасы мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынаспен мемлекет саясатының отбасы құрылымына әсерін түсіндіруде маңызды рөл атқарады, өйткені олар қоғамдағы отбасының рөліне, оның ішкі құрылымдарына және мемлекет тарапынан ұсынылатын қолдауға байланысты түрлі тұжырымдамалар мен әдістерді қалыптастырады. Әр көзқарас отбасы саясатындағы теориялық түсініктерді, зерттеу бағыттарын және саясатты әзірлеу тәсілдерін өзгертеді.

Жалпы, жүргізілген зерттеу Батыс елдерінде отбасы саясатына деген көзқарас көбінесе өзінің тұтастығы мен кешенділігімен сипатталатынын көрсетті. Мысалы, корейлік автор Ю. Ынкён Оңтүстік Кореядағы отбасы саясатының пайда болуын зерттесе, Чехиялық зерттеуші Пирклова Тереза Швециядағы отбасылық саясатқа талдау жүргізеді [8, 9], Питер Т. Франция, Ұлыбритания және Испаниядағы идеология мен отбасылық саясаттың өзгеру арақатынасын зерттеген [10], ал австриялық зерттеушілер Томас Фент, Белинда Апарисио Диас, Алексия Прскавец халықтың әлеуметтік құрылымы тұрғысынан отбасылық саясаттың тиімділігі зерттеліп, оның тууға оң және айтарлықтай әсер ететінін ұсынған. Олар отбасылық саясат жүзеге асырылатын қоғамның ерекшеліктерін ескерумен жасалғанда ғана сәтті бола алады деген тұжырымға келеді [11].

Әлемнің көптеген елдерінде бұл мәселені зерттеуге қызығушылықтың артуына қарамастан, кейбір елдерінің қалың жұртшылығы мен саясаткерлері үшін отбасы саясаты саласы бағаланбаған күйде қалып отыр. Қазіргі кезеңнің зерттеушісі Т. Оомс мемлекеттік басқарудағы отбасы саясатының дамуын талдай келе, «әлеуметтік саясаттың қалаусыз өгей баласы» деп салаға аз көңіл бөлінетінін сипаттайды. Зерттеуші отбасылық саясаттың рөлін елеусіз қалдыруға болмайтынын, өйткені бұл сала халық санының азаю қаупін женуден адами капиталды дамытуға дейін ұлттық қауіпсіздік деңгейіне әсер ететінін атап өтті [12].

Чех ғалымдарының көзқарасы бойынша, отбасы саясатын тек әлеуметтік немесе экономикалық саясат аясында шектеу дұрыс емес. Отбасы

саясаты мен әлеуметтік саясатты бір ұғым ретінде қарастыру теориялық тұрғыдан дәлсіздікке әкеледі. Негізінде әлеуметтік саясат аясында жүзеге асырылатын шаралар отбасы институтына жанама түрде ықпал ететіні белгілі, алайда отбасының өзіндік мүдделері мен қажеттіліктері бұл процесте толыққанды ескерілмей жатады. Отбасы саясаты әлеуметтік саясатқа қарағанда анағұрлым мақсатты сипатқа ие болып табылады. Оның басты нысаны – әлеуметтік институт ретіндегі отбасы және ол отбасы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін әлеуметтік даму үдерісінде қорғауға бағытталған. Мұндай саясат нақты отбасылық проблемаларды айқындап, оларды шешудің тиімді тетіктерін ұсынуға мүмкіндік береді [13].

Батыс елдері зерттеушілерінің еңбектеріне жасалған талдау, осы ұғымға «мемлекеттің отбасына қатысты барлық іс-әрекеті» деген кең ауқымды анықтама Ш. Камерманн және А. Канн ұсынатынын көрсетеді. Алайда, бұл тұжырым К.Хенриксон, Ж.Трипплет, Р.Ниувенхиус сияқты кейінгі зерттеушілер тарапынан сынға ұшырайды [14, 15, 16, 17]. Егер еуропалық зерттеушілердің еңбектеріне жүгінетін болсақ, отбасылық саясаттың келесі анықтамасын таба аламыз. Отбасы саясаты - мемлекет қызметінің күрделі концептуалды және анық емес саласы деп көрсетеді [18]. Бірақ, бұл пікірмен келісуі қиын. Себебі, отбасы саясаты отбасының өмір сүру жағдайы мен сапасын жақсартуға бағытталған, отбасыларды қолдау, нығайту және қорғауды қамтамасыз ететін күрделі де, анық, айқын саласы. Сондықтан, төмендегі кестеде отбасы саясатына қатысты шетелдік авторлардың анықтамалары топтастырылды: (1-кесте)

1-кесте. Отбасы саясатына шетелдік зерттеушілерінің берген анықтамалары

Авторлар	Анықтама
Оомс Т. [19] Eriksen J. [18]	Отбасы саясаты - «әлеуметтік саясаттың аз көңіл бөлінетінін қалаусыз өгей баласы» Отбасы саясаты - мемлекет қызметінің күрделі концептуалды және анық емес саласы
Ш. Камерманн және А. Канн	Отбасы саясаты - «мемлекеттің отбасына қатысты барлық іс-әрекеті»
Л. Хантриз және М.-Т. Летабли [20]	Отбасылық саясатты әлеуметтік саясаттың ішкі бағыты ретінде, мемлекеттің отбасына қатысты барлық мамандандырылған шаралары ретінде анықтады: жәрдемақы төлеу, салық жеңілдіктері, декреттік демалыс, бала күтімі және тәрбиелеу қызметтері.
Ш. Циммерман мен К.К. Кауфман [20]	Отбасы саясаты-бұл жұмыспен қамту, білім беру және денсаулық сақтау, сақтандыру, көші-қонды реттеу және т.б. стратегияларды қамтитын отбасына тікелей немесе жанама әсер ететін үкіметтің барлық әрекеттері.
Ескерту – [18, 19, 20] деректер негізінде автормен құрылды	

Заманауи отбасылық саясат әлеуметтік қамсыздандыруды да, отбасылық және салықтық құқықты да қамтиды және әртүрлі жолдармен, технологиялармен, оның ішінде азаматтық және әкімшілік құқықтық

шаралар кешені арқылы (неке және оны бұзу тәртібін, балалардың отбасындағы жағдайын, алимент төлеуді, баланы және ананы қорғауды, жұмыс істейтін аналарды жұмыспен қамту жағдайларын және т.б. реттейтін заңнамалық актілер) жүзеге асырылады. Сәйкесінше, мемлекеттік отбасы саясаты мемлекетті отбасының өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуге және отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталады.

Әлеуметтік саланы зерттеген ғалымдардың пайымдауынша, отбасы саясаты жалпы мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла отырып, оның жағдайы көбіне қоғамның даму деңгейін айқындайтын көрсеткіш болып табылады. Әртүрлі анықтамалар болуына қарамастан, бұл бағыттағы зерттеушілер отбасы саясатын мемлекеттің дамуының негізгі басымдықтарының бірі деп есептейді. Түрлі елдерде мемлекет тарапынан да, қоғам тарапынан да отбасы саласына жеткіліксіз көңіл бөлу жағымсыз әлеуметтік көңіл-күй мен отбасылық қолайсыздық факторларының өсуінен көрінетін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін [21]. Кейбір ғалымдар отбасылық саясатты іс жүзінде жәрдемақы, өтемақыларға және жеңілдіктерге біріктіре отырып, әлеуметтік қорғаумен байланыстырады. Әлеуметтану ғылымдарының докторы С.В. Дармодехин мемлекеттік отбасы саясатының мазмұны мен ерекшеліктерін мүмкіндігінше терең әрі жан-жақты сипаттауға ұмтылып, оны отбасы мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға, әлеуметтік даму үдерісінде отбасының мүдделерін қорғауға, отбасының жағдайына сараптама жүргізуге және уәкілетті органдардың қабылдайтын шешімдерін жүйелі түрде іске асыруға бағытталған қызмет түрі ретінде сипаттайды. Ол бұл саясаттың мақсаты мен қағидаттарына сәйкес, отбасының өзіне тән функцияларын жеке және топтық деңгейде жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау, отбасының саясат субъектісі ретіндегі рөлін күшейту және әлеуметтік тұрғыдан осал отбасыларға қолдау көрсету қажеттігін атап көрсетеді [22].

Ал «Народонаселение» энциклопедиялық сөздігінде отбасы саясаты балалы отбасыларға қолдау көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі ретінде қарастырылады. Дегенмен, мұндай анықтама мазмұндық жағынан шектеулі сипатқа ие болып, отбасы саясатының толық мәнін аша алмайды [23].

В.В. Елизаров «Отбасы саясаты» ұғымын қолданудың өзі сарапшылардың бұл терминді бір мәнді қолдануды талап етпейтінін және отбасылық саясатты кәсіби мүдделерге байланысты назар аударатырып, демографиялық, әлеуметтік, мәдени, медициналық және басқа аспектілер бойынша әлеуметтік және демографиялық саясаттың бір саласы ретінде қарастыратынын көрсетеді [22].

Ғалымдардың басқа тобы, негізінен демографтар отбасы саясатын демографиялық (немесе әлеуметтік-демографиялық) саясаттың бір бөлігі ретінде қарастырады. Зерттеушілердің пікірінше, ол да отбасы саясатының

мәнін орынсыз тарылтып, оны репродуктивті функцияға біріктіреді және басқа салаларға әсер ету мүмкіндіктерін шектейді [24].

Орыс ғалымы А.Т. Вишневский отбасылық саясаттың мәнін түсінудің 3 тәсілін анықтайды: отбасының белгілі бір типтерінің немесе үлгілерінің, отбасылық мінез-құлық формаларының таралуына басқарушылық ықпал етудің салыстырмалы түрде тар саласы ретінде түсінуге болады. Сонымен қатар, отбасылық саясат шеңберінде жүргізілетін іс-шаралар отбасылардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға, олардың материалдық әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік жағдайын нығайтуға тікелей бағытталады. Бұл саясат шынайы әрекетке негізделген бейтарап басқару функцияларын ғана емес, отбасылық құрылымдардың, мінез-құлық үлгілерінің және қатынастар формаларының әр алуандылығын кеңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, отбасылық саясаттың ауқымын бұдан да кеңейтіп қарастыруға болады. Ол тек отбасыға тікелей бағытталған шешімдермен шектелмей, әлеуметтік өмірдің түрлі салаларында қабылданатын, отбасыға тікелей арналмағанымен, оған саналы немесе бейсаналы түрде әсер ететін шешімдердің жанама салдарлары үшін де жауапты деп қарастырылады [25].

Жоғарыдағы зерттеулерде ғылымда «отбасы саясаты» ұғымын анықтауға қатысты түрлі пікірлердің қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік берді.

Ғылыми әдебиеттерде «отбасы саясаты» түсінігі кең мағынасында әлеуметтік-экономикалық, мәдени және құқықтық аспектілерді қамтитын кешенді ұғым ретінде сипатталады. Яғни, жұмыспен қамту, көлік, азық-түлікпен қамтамасыз ету, білім беру, медицина және т.б., тар мағынада, әдетте, отбасылық саясат әртүрлі арнайы жәрдемақылар түріндегі отбасыларды қаржылық қолдау ретінде қарастырылады [26].

Осылайша, отбасы саясатына қатысты түрлі авторлармен берілген анықтамалар 2-кестеде жүйелендірілген (2-кесте):

2-кесте. Отбасы саясатына шетелдік зерттеушілерінің берген анықтамалары

Авторлар	Анықтама
Е.А. Андрияшина [27, с. 105]	Отбасы саясаты – мемлекеттің әлеуметтік саясатының жеке саласы, сондай-ақ оның негізгі бағыттары отбасылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, отбасының әл-ауқаты мен егемендігін қамтамасыз ету болып табылатын мемлекеттік органдардың қызметі
А.И. Антонов [28]	Отбасы саясаты – қоғамның мәдени дамуының ұзақ тарихи жолында жойылған, отбасын, отбасылық өмір салтын жаңғыртуға бағытталған мемлекеттің, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, мүдделі топтардың және т.б. отбасын әлеуметтік институт ретінде нығайтуға бағытталған оның органикалық тән әлеуметтік функциялары

А.В.Аношкин [29]	«Мемлекеттік отбасы саясаты - бұл мемлекеттік органдар мен басқа да әлеуметтік институттардың отбасының өз функцияларын орындауы үшін оңтайлы жағдайлар жасауға, жеке тұлға, отбасы және қоғам арасындағы қатынастарды үйлестіруге, отбасының әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған мақсатты қызметі», - деп қарастырса
Н.В. Холдобина [30]	Мемлекеттік отбасы саясаты – бұл тек нақты отбасылық мәселелерді шешетін әлеуметтік саясаттың дербес бағыты. Отбасы мен мемлекетті қарым-қатынастың жаңа деңгейіне шығарады
Ескерту – деректер [40] әдебиеті негізінде автормен құрылды	

Жоғарыдағы кестеде, «отбасы саясаты» түсінігіне қатысты бірыңғай және жалпыға бірдей танылған анықтамаларының жоқ екенін және мамандар оны отбасылық өмірдің әртүрлі аспектілері бойынша әлеуметтік және демографиялық саясаттың қиылысу өрісі ретінде қарастыратынын анықтауға мүмкіндік берді [31].

Отбасы саясатын ғылыми тұрғыдан зерттеудің алғашқы тәжірибесі КСРО Ғылым академиясының Әлеуметтанулық зерттеулер институтының «Отбасы әлеуметтік саясаттың объектісі ретінде» жинағында және А.Зайкинаның «Неке-отбасы қатынастарын реттеудің негізгі бағыттары мен әдістері» [32] және «Әлеуметтік талдау тәжірибесі» атты еңбегінде көрініс тапты [33]. Бұл зерттеулерде отбасылық саясатқа ғылыми көзқарастарды тұжырымдауға әрекет жасалды. Алайда, аталған зерттеулерде саясаттың бұл саласы шектеулі түрде қарастырылып, негізінен неке-отбасылық қатынастарға негізделді. Халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелері институты мен жұмыспен қамту институты дайындаған «КСРО-дағы отбасылық саясат және отбасы эволюциясы» кітабында отбасылық саясат неғұрлым кең ауқымда – «әр отбасының еркін дамуы, оның негізгі функцияларын жақсы орындауы үшін барынша қолайлы әлеуметтік, экономикалық, моральдық жағдайларды қамтамасыз ету» мақсатымен «отбасына қатысты қоғамдағы қалыптасқан қатынастарға мақсатты әсер етудің жиынтығы» ретінде қарастырылды [19].

Отбасының дамуына байланысты мәселелер жеке адамның және жалпы қоғамның әл-ауқатына тікелей әсер етеді, сондықтан оларды зерттеу мен түсінудің маңызы зор. Сонымен қатар, экономикалық және саяси факторлар отбасылық өмірге айтарлықтай әсер етеді. Жұмыссыздықтың өсуі, әлеуметтік тұрақсыздық, кірістердің біркелкі бөлінбеуі және басқа да экономикалық проблемалар отбасылық қатынастарға, соның ішінде елдің демографиялық дамуына қиындық туғызып, қысым жасауы мүмкін. Демография мен отбасылық саясат өзара тығыз байланысты екі сала болып табылады. Себебі отбасылық саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуына туу көрсеткіші, өлім-жітім деңгейі, көші-қон үдерістері мен халықтың құрылымдық сипаттары сияқты демографиялық факторлар тікелей ықпал етеді және отбасы саясаты ұрпақ әкелу, бала тәрбиесі,

отбасылық қатынастардың тұрақтылығы және отбасылардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыру мәселелерін реттеп, қолдауға бағытталады. Отбасын қорғау және қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негіздерін түсіну жұмыстың бағыты туралы түсінік беріп қана қоймай, оның қоғам үшін маңыздылығын да көрсете алады. Мәселен, Ю. Дубровина «Ресей Федерациясының мемлекеттік отбасы саясаты» еңбегінде мемлекеттің екі маңызды құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік отбасылық саясат пен отбасы институтының мәнін қарастырады [34]. Отбасы қызметінің негізі ретінде отбасы саясатының маңыздылығы атап өтіледі. Отбасы институтының мәселелеріне де назар аударылып, олардың шешілуіне ықпал ету үшін мемлекет тарапынан қандай мәселелерге ерекше көңіл бөлу маңызды екені атап өтілді.

